



**КазМұнайГаз**  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ



## **«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТҚҚ» ЖШС САПА, ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ**

Компанияның жемісті қызметі жағалаулық және кеме персоналының біліміне негізделіп, оның кәсіби шеберлігіне толықтай байланысты болады.

Компания қызметін жүзеге асыруда әрбір қызметкер өз жауапкершілігі мен мәнін терең сезіне отырып, Компанияның табысты қызметі, жоғары сапалы тасымал, сондай-ақ әрбір қызметкердің жеке жетістіктері мына мақсаттарға қол жеткізуге байланысты болатындығын ұғынуға тиіс:

- ✓ Теңізде жүзу қауіпсіздігі
- ✓ Еңбекті және адам өмірін теңізде қорғау
- ✓ Қоршаған ортаның ластануын болдырмау және қоршаған ортаны қорғау
- ✓ Кеменің және кемедегі жүктердің сақталуын қамтамасыз ету

Компания осы мақсаттарға қол жеткізу үшін:

- ✓ кемелерді қауіпсіз пайдалану практикасын және адам үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз етеді;
- ✓ өндірістік жарақаттар алуды болдырмау және қызметкерлердің денсаулығына нұқсан келтірмеу үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді;
- ✓ еңбек жағдайларын ұдайы жақсартуға, тәуекелдің алдын алуға, сондай-ақ қызметкерлерді қауіпсіздікті және қоршаған ортаның қорғауды қамтамасыз ету процестеріне белсенді тартуға ұмтылады;
- ✓ қоршаған ортаны қорғауға, өз қызметін жүзеге асыру барысында ластануды болдыртпауға міндеттенеді;
- ✓ жаңартылатын ресурстарды пайдалануға, шығарындыларды мейлінше азайтуға, климаттық жағдайының тәуекелін ескеруге және биотүрлілікті қорғауға жеке үлесін қосуға ұмтылады;
- ✓ қоршаған орта қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында барлық міндетті заңнамалық, нормативтік және шарттық талаптарды орындайды;
- ✓ компанияның біріктірілген менеджмент жүйесін ұдайы жетілдіріп отыруға ұмтылады;
- ✓ кемелермен, персоналмен байланысты барлық сәйкестендірілген тәуекелді бағалайды және денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласында қатерді болдырмауға және тәуекелді азайтуға міндеттенеді;
- ✓ қауіпсіздікті басқару саласында, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде жағалаулық және кеме персоналының дағдыларын ұдайы жетілдіріп отырады.

Әрбір қызметкердің міндеті осы саясат мәлімдемесін ұғыну және қызметтік міндеттерін орындау болып табылады.

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**



**А. Оржанов**  
2025 жылғы «12» наурыз